

**"Қоғамдық жұмыстарды, жұмыссыздарды кәсіптік даярлауды, біліктілігін көтеруді және қайта даярлауды ұйымдастыру және қаржыландыру жөніндегі Ережені бекіту туралы" облыс әкімиятының 2001 жылғы 19 шілдедегі 38 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2006 жылғы 28 наурыздағы N 57 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысы әділет департаментінде 2006 жылғы 11 сәуірде N 1616 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2010 жылғы 3 наурыздағы N 60 Қаулысымен

***Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2010.03.03 N 60 Қаулысымен***

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы N 213 Заңы 28 бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 149 Заңы 7 бабына, "Мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметші болып табылмайтын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қаңтардағы N 41 қаулысына сәйкес облыс әкімдігі

**Қ А У Л Ы**

**Е Т Е Д І :**

"Қоғамдық жұмыстарды, жұмыссыздарды кәсіптік даярлауды, біліктілігін көтеруді және қайта даярлауды ұйымдастыру және қаржыландыру жөніндегі Ережені бекіту туралы" облыс әкімиятының 2001 жылғы 19 шілдедегі N 38 (2001 жылғы 30 шілдедегі тіркеу N 398, 2001 жылғы 7 тамыздағы Северный Казахстан газеті, 2001 жылғы 21 тамыздағы Солтүстік Қазақстан газеті, облыс әкімдігінің 2002 жылғы 19 желтоқсандағы N 195, 2003 жылғы 31 наурыздағы N 71, 2005 жылғы 29 наурыздағы N 74 және 2005 жылғы 20 желтоқсандағы N 317 қаулыларымен енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен) қаулысына келесі толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

аталған қаулымен бекітілген қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландыру жөніндегі ережеде:

7 тармақта:

мынадай мазмұндағы 20-2), 20-3), 20-4), 20-5) тармақшалармен толықтырылсын:

20-2) оралмандарды қабылдау және жайластыру жөніндегі тапсырмаларды орындау;

20-3) мемлекеттік тілдегі өтініштер бойынша іс-жүргізуде көмек көрсету;

20-4) құжаттаманы өңдеуде және сақтауға дайындауда көмек көрсету;  
 20-5) жұмыспен қамту мәселелері және 18 жасқа дейінгі балалы отбасыларға мемлекеттік жәрдемақылар тағайындау кезінде қажетті құжаттарды жинау жөнiнде көмек көрсету;

21) тармақша мынадай редакцияда мазмұндалсын:

21) жергілікті атқарушы органдар қажеттілікке байланысты қоғамдық жұмыс түрлерін жұмыстың басқа да түрлерімен Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес кеңейтуіне және толықтыруына болады.;  
 көрсетілген Ереженің қосымшасы қосымшаға сәйкес 22, 23, 24 және 25 жолдармен толықтырылсын.

*Облыс әкімі*

Облыс әкімдігінің  
 2006 жылғы 28 наурыздағы  
 N 57 қосымша  
 қоғамдық жұмыстарды  
 ұйымдастыру мен қаржыландырудың  
 ережесіне қосымша

Жұмыс түрлерінің атауы	Кәсібі	Нормативтік құжат	Разряд	Тариф коэффициенті
22. Оралмандарды қабылдау және жайластыру жөніндегі тапсырмаларды орындау	техникалық орындаушы	Мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметші болып табылмайтын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қаңтардағы N 41 қаулысы, 1 қосымша	G-17	1,10
23. Мемлекеттік тілдегі өтініштер бойынша іс-жүргізуде көмек көрсету	техникалық орындаушы	Мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметші болып табылмайтын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы үкіметінің 2002 жылғы 11 қаңтардағы N 41 қаулысы, 1 қосымша	G-17	1,10
24. Мемлекеттік тілдегі өтініштер бойынша іс-жүргізуде көмек көрсету	техникалық орындаушы	Мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметші болып табылмайтын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қаңтардағы N 41 қаулысы, 1 қосымша	G-17	1,10

25. Жұмыспен қамту мәселелері және 18 жасқа дейінгі балалы отбасыларға мемлекеттік жәрдемақылар тағайындау кезінде қажетті құжаттарды жинау жөнінде көмек көрсету	техникалық орындаушы	Мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметші болып табылмайтын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қаңтардағы N 41 қаулысы, 1 қосымша	G-17	1,10
---	----------------------	--	------	------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК